

# KASE

## АПТАЛЫҒЫ

20 – 24 Мамыр,  
2019

### KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE Директорлар кеңесі 2019 жылдың 22 мамырынан бастап Шет елдік валюталар нарығы бойынша комитеттің қағидасын [бекітті](#).
- ▲ Анонс: 2019 жылдың 29 мамырында KASE "Қор нарығында қалай сату керек" атты семинар [өткізеді](#).
- ▲ 2019 жылдың 24 мамырынан бастап Қазақстан қор биржасында ББҚ-мен автоматты репо нарығында жаңа қаржы құралдарының сауда-саттықтары [ашылды](#).


### ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ 20 мамыр күні Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің MEUKAM-240 екінші шығарылымын жылдық 8,64%-бен орналастыру арқылы 39,6 млрд теңге [тартты](#). Өтеу мерзімі – 15 жыл.
- ▲ 24 мамыр күні Қазақстан қор биржасында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі өзінің екі жылдық (VKK024\_046) облигацияларын жылдық 0,35 %-бен орналастырып, 4,0 млрд теңге қаржы [тартты](#).
- ▲ "Қазақтелеком" АҚ 2018 жылға артықшылықты акциялары бойынша бір акцияға 481,06 теңге көлемінде қосымша дивидендтерді [төлейді](#).
- ▲ "Сентрас Секьюритиз" АҚ 2018 жылға жай акциялары бойынша дивиденд төлегені туралы және жарғылық капиталын 200,0 млн теңгеге арттырғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Каспий мұнай" АҚ өзінің 2018 жылға (KSNF) жай акциялары бойынша екінші транш дивиденд төлегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесі Khan Tengri Holding B.V. 49% үлесін сатып алу туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесі 120,0 млрд теңге сомаға облигацияларды шығару туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ "RG Brands" АҚ 5,0 млрд теңгеге облигациялар шығарылымы туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ Қазақтелеком" АҚ миноритарлық акционерлермен корпоративтік дауды реттегені туралы [хабарлады](#).
- ▲ KEGOC" АҚ 2019 жылдың 31 наурызына аяқталған қаржы нәтижелері бойынша басшылықтың түсініктемесін [ұсынды](#).
- ▲ KEGOC" АҚ 2018 жылға аудиторлық шоғырландырылған есебі [жарияланды](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ Өзбекстанның Орталық Банкінің еншілес банкі Tenge Bank-ке лицензия бергені туралы [хабарлады](#).
- ▲ "Haluk Finance" АҚ "EMEA Finance" халықаралық журналының нұсқасы бойынша "2018 жылғы Қазақстандағы үздік инвестициялық банк" болып [танылды](#).
- ▲ "Қазақстан даму банкі" АҚ Директорлар кеңесінің құрамы [өзгертілді](#).



KASE Индексі, жылдың басынан бері сәуір айының ортасында жоғарғы шыңына жетіп, содан бері алты апта бойы төмендеуде. Осы аптада 1,7 % төмендеп, 2 265,00 нүктеге жетті.

**KASE Индексінің акциялары**



**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



24.05.2019

Трендтер (%)

KASE Индексі	2 265,00	-1,7	-5,7
<b>Өтімділіктің бірінші сыныбы</b>	<b>Цена</b>	<b>Δ 7д</b>	<b>Δ 1м</b>
<b>Қазақтелеком</b>	27 374,5	4,9	1,4
Газпром (Россия)	1 220,0	4,7	25,3
Сбербанк (Россия)	1 356,0	2,3	-2,8
АО "НАК "Казатомпром"	5 685,0	1,0	1,1
<b>Народный банк</b>	107,0	0,7	3,1
Аэрофлот (Россия)	541,0	0,4	-7,4
Қазақтелеком (прив.)	12 700,0	0,2	-1,4
Bank of America	10 700,0	-0,4	-1,2
<b>KEGOC</b>	1 606,9	-0,4	-4,2
<b>Kcell</b>	1 944,0	-1,4	-1,2
<b>КазТрансОйл</b>	1 185,0	-2,1	-12,8
<b>Банк ЦентрКредит</b>	240,0	-2,1	2,1
NOSTRUM OIL & GAS PLC	390,0	-5,3	-9,3
<b>KAZ Minerals</b>	2 560,0	-12,5	-25,1

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

Қазақтелеком миноритарлық акционерлерімен корпоративтік дауды реттегені туралы ресми түрде хабарлады. Жарияланған баспасөз хабарламасына сәйкес, "Қазақтелеком" АҚ акцияларды сатып алу туралы талаптарды беруге заңды негіздері бар миноритарлық акционерлердің талаптары бойынша акцияларды сатып алу жүргізілді. Сатып алу бағасы "Қазақтелеком" АҚ Директорлар кеңесінің акционерлерінің жалпы жииналысымен бекітілген әдістемесіне сәйкес анықталды. Тиісті акционерлердің талаптары толық көлемде орындалды, осы себептен жеке акционерлердің талап арыздары олардың жеке бастамасымен қайтарылды. Сонымен, компанияда, миноритарлық акционерлермен корпоративтік дау тоқтатылды. Бұрын ол туралы Falconry Capital баспасөз хабарламасынан анықталды, алайда тек дүйсенбі күні ғана жағымды жаңалық нарық қатысушыларын таң қалдырды. Сауда-саттық аптасының соңында компания акцияларының баға белгілеулері 4,9 % өсіп, 27 374,50 теңгені құрады.


KAZ Minerals акцияларының баға белгілеулері осы аптада бір акцияға 12,5 % төмендеп, бір акцияға 2 560 теңгені құрады. Металл өңдейтін компаниялар Қытай мен АҚШ-тың арасында жаңарған сауда-саттық шиеленісі аясында құлдырай түсуде. KAZ Minerals акциялары бір айда 20 % астам арзандады. Ұқсас жағдай Voliden AB және Glencore қоса компания бәсекелестерінің акциялары бағасында да байқалады.




Қаржы нарығында қысқа мерзімді қарыз мөлшерлемесі өсімді көрсетті. Бір күндік валюталық своп бойынша кірістілігі бір аптада 115 б.н. дейін өсіп, жылдық 7,23 % құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір күнде 1 б.н. өсіп, жылдық 8,01 % құрады.

Ұлттық Банк апта бойы жалпы сомасы 627,6 млрд тенге қысқа мерзімді ноттар шығарылымын орналастырды. 28-күндік ноттар жылдық 8,60 % орналастырылды. Жарты жылдық ноттар кірістілігі жылдық 8,69 % жетті. Ноттардың жиынтық сұранымы ұсынымнан 44 % артты.

### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




### Ұлттық Банктің ноттарды апталық орналастыруы



\*АҚШ долларымен барлық валюталық своп операциялары бойынша орташа сараланған кірістілігі.

\*18 ақпаннан бастап Ұлттық Банк 7 күндік қысқа мерзімді ноттарының аукционын өткізуді тоқтатты

### Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Доллардың орташа сараланған бағамы 43 тиынға өсіп, 379,36 теңгені құрады, сауда-саттық көлемі 590,8 млн АҚШ доллары.

Теңге аптаны нөлдік динамикамен аяқтап, доллар жұбымен 43 тиынға арзандады. Экспорттаушылардың салық төлемдерінің оң әсері Brent маркалы мұнай бағасын белгілеудің бірден құлдырауына әкеп соқты. Қытай мен АҚШ арасындағы сауда-саттық шиеленісі көптеген нарыққа, шикізат нарығын қоса әсер етті, өйткені нарыққа қатысушыларда энергоресурстарға болашақтағы сұранымға қатысты қауіп төнген болатын.


Рубль бағамы 0,0092 теңгеге төмендеп 5,8708 теңгеге жетті, сауда-сатық көлемі 161,0 млн рубльді құрады.

Юань баға белгілеулері бүгін 0,1595 теңгеге өсіп, 54,7795 теңгені құрады.

Қазақстан қор биржасында бір еуроның бағасы 3 теңге 2 тиынға арзандап, бір валюта бірлігіне 421,60 теңгені құрады.

### Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.19)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2019, %
— GBPKZT	477,58	-1,8	-2,7	-2,2
— USDKZT	378,01	-0,2	+0,2	-1,6
— EURKZT	420,88	-0,9	-0,9	-4,2
— CNYKZT	54,64	-0,8	-2,7	-2,2
— RUBKZT	5,84	-0,7	-1,4	+5,8

### Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	2 826,06	-1,2	-3,5	3,6	-1,1
Dow Jones	25 585,69	-0,7	-3,8	3,1	-0,6
PTC	1 279,11	1,9	1,2	9,0	2,1
MMББ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	2,1
Hang Seng	27 353,93	-2,1	-8,2	-11,1	-1,5
SS CSI 300	3 593,91	-1,5	-10,8	-6,1	-1,1
Euro Stoxx 50	3 350,70	-2,2	-4,3	-4,9	-1,9
FTSEuroFirst	4 093,50	-1,6	-3,0	-4,9	-1,8
FTSE 100	7 277,73	-1,0	-2,6	-5,7	-1,0
KASE	2 265,00	-1,7	-5,7	-9,3	

Шикізат нарығы

24.05.2019

Атауы	Бағасы	Тренд %	
		7к	1а
Мұнай	68,69	-4,9	-7,9
	58,63	-6,6	-11,0
Табиғи газ	2,60	-1,3	5,5
Мыс	270,65	-1,5	-7,0
Темір	809,00	12,4	16,2
Алтын	1 284,93	0,6	0,7
Күміс	14,52	1,2	-2,7
Астық	489,50	5,3	13,2

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
28.05 CB Тұтынушылардың сенім индексі (Мамыр)	USD	130,1	129,2
29.05 ЖІӨ (т/т) (1 т.)	USD	3,1%	3,2%
30.05 Шикі мұнай қоры	USD		4,740M
31.05 Қаржы министрлігінің есеп беруі	USD		
31.05 Үй бағаларының индексі Nationwide (ж/ж) (Мамыр)	GBP	1,2%	0,9%
31.05 PCE Deflator (ж/ж)	USD		1,3%
31.05 Baker Hughes Құрылыстың саны	USD		797

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	4,9 %	01.05.19	7,1 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	27 089	01.05.19	30 745
Қаржы базасы, млрд KZT	5 694,8	01.05.19	5 538,7
Қаржы массасы, млрд KZT	19 354,0	01.05.19	19 456,0

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	08.03.19	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
	BBB тұрақты	25.03.19	BBB тұрақты



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** 8 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.